



140800, Павлодар облысы, Май ауданы
Көктөбе ауылы Абылайхан көшесі, 32 тел.:
(71838) 91-3-36 факс: (71838) 91-3-36
kense.@mayravoo.edu.kz

140800, Павлодарская область, Майский
район, с. Коктобе, ул. Абылайхана, 32
тел.: (71838) 91-3-36, факс: (71838) 91-3-36
kense.@mayravoo.edu.kz

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2026 жылғы 29 қаңтар
Көктөбе ауылы

№ 1-07/32 н/к

2025-2026 оқу жылында білім алушылардың қорытынды аттестаттауын ұйымдастыру бойынша аудандық комиссия құру туралы

Павлодар облысының білім беру басқармасының 2026 жылғы 23 қаңтардағы «2025-2026 оқу жылында білім алушылардың қорытынды аттестаттауын ұйымдастыру бойынша облыстық комиссия құру туралы» № 2-02/40 және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурыздағы «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 125 бұйрықтарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі аудандық комиссия құрамы төмендегідей бекітілсін:

- 1) Р.Е. Еңсебаев – комиссия төрағасы, бөлім басшысы;
- 2) З.Д. Мухамедова – комиссия төрағасының орынбасары, білім беру секторының меңгерушісі;
- 3) Н.Ж. Адамжанова – әдістеме кабинетінің меңгерушісі, комиссия мүшесі;
- 4) Г.А. Джангазинова – әдістеме кабинетінің әдіскері, комиссия мүшесі;
- 5) Э.Е. Базылбаева – Жалтыр ОМ қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі комиссия мүшесі;
- 6) З.Ж. Иманбаева – Көктөбе ОМ қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі комиссия мүшесі;
- 7) К.К. Жумабаева – Көктөбе ОМ орыс тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі;
- 8) Л.К. Елеукеева – Майтүбек ОМ математика пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі;
- 9) В.В. Ахметжанова – Е.Мұқашев ат. ОМ математика пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі;
- 10) А.А. Хисамова – комиссия мүшесі, Жалтыр ОМ ата-аналар кеңесінің төрайымы;
- 11) З.К. Кирякина – комиссия мүшесі, Май ауданы кәсіп одақ ұйымының төрайымы;

Г.Қ. Зайрова - әдістеме кабинетінің әдіскері, комиссия хатшысы.

2. 2025-2026 оқу жылында 11-сынып оқушыларының қорытынды аттестаттауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Осы бұйрықпен бекітілген комиссия мүшелері өз міндеттерін қорытынды аттестаттау Ережесімен белгілеген қағидаларға сәйкес орындасын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім бөлімінің ӘК әдіскері Г.А.Джангазиноваға жүктелсін.

Бөлім басшысы



Р. Еңсебаев

Р. Еңсебаев

Бұйрықпен таныстырылды *Еңсебаев*

**Білім беру бөлімінің
2026 жылғы 29 қаңтардағы
№ 1-07/ 32 бұйрығының
1-қосымшасы**

**2025-2026 оқу жылында 11-сынып оқушыларының
қорытынды аттестаттауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі
іс-шаралар жоспары**

I.Оқу-әдістемелік қызмет			
1. Педагог қызметкерлерімен			
№	Іс-шаралар мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	Көктөбе ОМ, Жалтыр ОМ, Қаратерек ОМ, Малайсары ОМ, А. Иманов ат. ЛМ және Е. Мұқашев ат. ОМ 11-сынып білім алушыларын қорытынды аттестаттаудан өткізу тәртібі туралы нормативтік-құқықтық құжаттармен таныстыру жұмыстарын өткізу (бұйрықтар, әдістемелік нұсқаулықтар)	Қаңтар-мамыр	Білім беру бөлімінің әдістемелік кабинеті, мектеп басшылары
2	Қорытынды аттестаттаудың сапалы өтуін педагогикалық тұрғыда қамтамасыз ету мақсатында 11-сынып білім алушыларын қорытынды аттестаттау бойынша Көктөбе ОМ, Жалтыр ОМ, Қаратерек ОМ, Малайсары ОМ, А. Иманов ат. ЛМ және Е. Мұқашев ат. ОМ мұғалімдеріне аудандық семинарлар ұйымдастыру және облыстық онлайн, офлайн семинарларына қатыстыруын қамтамасыз ету	Кесте бойынша	Әдістемелік кабинет, мектеп басшылары
2. Білім алушыларымен			
1	Қорытынды аттестаттаудың ережелерімен таныстыру.	Қаңтар-мамыр	Мектеп басшылары
2	Интернет желісін пайдалану сағаттарын ұйымдастыру	Қаңтар-мамыр	Мектеп басшылары
3	Ақпараттық стендтердің безендірілуі: - қорытынды аттестаттау мен тестілеудегі өзгерістер; - интернет желісіндегі білім беру ресурстары; - мектепшілік бақылау сынағын (тестілеу) мерзімдері.	2026 жылғы маусым айына дейін	Мектеп басшылары, техникалық хатшылар
4	Мектепшілік сынама тестілеу өткізу	айына 2 рет	Мектеп басшылары
5	ПМУ, ПМПУ байланыс орнату, кәсіптік бағдар беру.	Жыл бойы	Білім беру бөлімі, мектеп басшылары, кәсіби бағдар берушілері
6	Қорытынды аттестаттау бойынша оқушылардың таңдау пәндерін анықтау. Таңдалған пәндер тізбесіне сәйкес 11-сынып білім алушыларының тізімін қалыптастыру, бекіту және ҰБТ орталығына ұсыну.	2025 -2026 о.ж. басынан (оқушылардың қалауы ескеріліп өзгерістер енгізіледі)	Білім беру бөлімі, мектеп басшылары
3.Ата-аналармен жұмыс			
1	Ата-аналар жиналысын өткізу: - қорытынды аттестаттаудың өткізу ережелерін, дайындық ерекшеліктерін, интернет желісі ресурстары;	Әр тоқсанда	Мектеп басшылары Сынып жетекшілер

	- мектепшілік бақылау сынағының қорытындыларымен таныстыру; - қорытынды аттестаттау барысында психологитялық көмек көрсету.	1 рет	Педагог-психолог
2	Ата-аналарға жекелей кенес беру	Қаңтар-мамыр	Педагог-психолог
II. Пәндік дайындық			
Қорытынды аттестаттау мен тестілеуге дайындық барысында оқушылардың білім сапасын арттыруға бағытталған іс-шаралар жүйесі			
1	"Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, іске асыру мақсатында 11-сынып бітірушілерімен алдын-ала қорытынды аттестаттауға байланысты жаңа үлгіде сынама емтиханға дайындық жүргізуді ұйымдастыру: - ана тілі бойынша жазбаша емтихан (оқыту тілі бойынша) – жазбаша жұмыс (эссе); - алгебра және анализ бастамаларынан жазбаша емтихан; - Қазақстан тарихынан ауызша емтихан; - орыс тілінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан; - таңдау бойынша пәннен (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзі тарихы, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі), ағылшын тілі, информатика) жазбаша емтихан.	Қаңтар-мамыр	Мектеп басшылары, техникалық хатшылар, пән мұғалімдері
2	Қорытынды аттестаттауды өткізу қауіпсіздігін сақтау, медициналық қызмет көрсету, емтихан өткізетін кабинеттерінің жағдайын жасау шараларымен қамтамасыз ету	ҚА өткізу барысында	Мектеп басшылары
3	ҚР Оқу ағарту министрлігі тарапынан әзірленген қорытынды аттестаттау емтихан материалдарын білім беру басқармасымен арнайы электронды поштаға жүктеген әлсілтемелер мен пароль арқылы мектептерге ұсыну	2026 жылдың мамыр – маусым айларында	Білім беру бөлімі мектеп басшылары
III. Мониторинг			
1	11-сынып бітірушілерін тестілеу нәтижесі бойынша салыстырмалы диагностикасын жасау	2026 жылдың ақпан айы	Білім беру бөлімі Мектеп басшылары
2	Аудандағы 11-сынып түлектерінің қорытынды аттестаттауға дайындық жағдайын анықтау	2026 жылдың наурыз айы	Білім беру бөлімі Мектеп басшылары
3	«Алтын белгі» және үздік аттестат алуға үміткерлердің құжаттарының талаптарға сәйкестігін анықтау	2026 жылдың сәуір айы	Білім беру бөлімі Мектеп әкімшілігі
4	11-сынып түлектер арасынан денсаулық жағдайымен қорытынды аттестаттаудан босату туралы құжаттарды	2026 жылдың мамыр айы	Білім беру бөлімі Мектеп басшылары

	қалыптастыру және білім беру басқармасына тапсыру		
IV. Психологиялық дайындық			
1	Қорытынды аттестаттауға психологиялық даярлық. Білім алушыларға арналған тренингтер	Қаңтар-мамыр	Педагог-психолог
2	11- сынып түлектеріне мамандық таңдауға психологиялық тұрғыдан көмектер көрсету.	Қаңтар-мамыр	Педагог-психолог
3	Білім алушылармен жекелей жұмыс	Қаңтар-мамыр	Педагог-психолог
V. Қорытынды аттестаттау құжаттарын дайындау			
1	Қорытынды аттестаттауға жауапты тұлғаларды бекіту бұйрық.	2026 жылдың қаңтар айы	Мектеп бойынша
2	2025-2026 оқу жылында 11-сынып бітірушілерінің қорытынды аттестаттауын ұйымдастыру және өткізу бойынша комиссия құру туралы бұйрық.	2026 жылдың қаңтар айы	Мектеп бойынша
3	Мектеп бойынша қорытынды аттестаттауға қатысқан оқушылардың емтихан жұмыстарын бағалау хаттамаларын жинақтау.	Емтихан аяқталғанан кейін	Мектеп жанында құрылған ҚА комиссиясы
4	«Алтын белгі» аттестаттарын алуға үміткерлердің жазбаша емтихан жұмыстарын білім беру басқармасы жанындағы комиссияға дайындап жіберу	Жазбаша емтихан аяқталған күні	Білім беру бөлімі, Мектеп басшылары
5	Қорытынды аттестаттаудың емтихан жұмыстарын аяқтау есебін беру (берілген кестеге сәйкес)	Әр емтихан аяқталған сайын	Мектеп басшылары
6	Қорытынды аттестаттаудың қорытындысын жасау туралы комиссия отырысын өткізу	2026 жылдың маусым айы	Мектеп жанында құрылған ҚА комиссиясы
7	Жалпы орта білім туралы «Алтын белгі», үздік аттестат иегерлерінің тізімін бекіту туралы бұйрық шығару және білім беру басқармасына ұсыну	2026 жылдың 15 маусымға дейін	Мектеп басшылары
8	Қорытынды аттестаттауды аяқтау жағдайы туралы есеп беру	2026 жылдың 21 маусымға дейін	Білім беру бөлімі, Мектеп басшылары
9	Қорытынды аттестаттаудың нәтижесін қарастыру туралы педагогикалық кеңес өткізу	2026 жылдың тамыз айында	Мектеп әкімшілігі, педұжым